

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**С. АМАНЖОЛОВ атындағы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

**ШҚМУ ЖН 017-19**

**Екінші басылым**

**Көшірмелер № \_\_\_\_\_**

**Өскемен қаласы  
2019 ж.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

С. АМАНЖОЛОВ атындағы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН

Ректор, профессор

М.Ә. Төлеген

2019 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰҚАУЛЫҒЫ <i>15</i>	Екінші басылым
ШҚМУ ЖН 017-19	Барлық беттер саны: 22
Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық	Енгізілу күні: <i>«18» ақпан</i> 2019 ж. Бірінші тексеру күні 2022 ж. Тексеру ұзақтылығы 3 жыл

ДАЙЫНДАҒАН:

Еңбекті қорғау, АҚ және ТЖ штабының жетекшісі

Ж.Б. Жумажанов

КЕЛІСІЛДІ:

Сапа бойынша басқарма өкілі

И.В. Ровнякова

Шаруашылық департаментінің директоры м.а.

Е.М. Рахметилдаев

Сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі бастығының м.а.

М.А. Ордабаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі бастығы м.а.

А.К. Чудобаева

Зангер кеңесші

Д.М. Раева

## Мазмұны

1	Жалпы ережелер .....	4
2	Нормативті сілтемелер .....	4
3	Қысқартулар мен түсініктемелер .....	4
4	Терминдер мен анықтамалар... ..	5
5	Бөлмелерге (ғимараттарға) қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары.....	6
6	Электр қондырғыларына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары.....	10
7	Өрт сөндіру құралдарын қолдану ережесі.....	11
8	Қосымша өрт сөндіруге арналған құралдар.....	13
9	Өрт кезіндегі іс-қимылдар тәртібі.....	13
10	Эвакуация жолдары.... ..	14
11	Өрт дабылы мен өрт сөндіру қондырғыларын, түтінге қарсы қорғаныс, адамдарға өрт туралы хабарлауды және көшіруді басқару жүйелерін ұстау .....	15
12	Өрт кезіндегі жұмысшылардың міндеттері мен әрекеттері .....	16
13	Басқа да өртке қарсы қауіпсіздік талаптары .....	17
14	Өзгерістер .....	17
15	Келісу, сақтау және тарату.....	18

## 1 Жалпы ережелер

1.1. Осы нұсқаулық негізгі өрт қауіпсіздігінің талаптарын «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылықты жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының (ары қарай - Университет) барлық ПОҚ, қызметкерлері және жұмысшылары үшін әзірленді.

1.2. Университеттің ПОҚ, қызметкерлері және жұмыскерлері жұмысқа өртке қарсы нұсқамадан өткен соң ғана жіберілуге және өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша кезекті оқудан өтуге тиіс.

Өртке қарсы нұсқамадан өту барысында, жаңа келген жұмысшылар мен қызметкерлер мыналармен танысуға тиіс:

1) ұйымда белгіленген өртке қарсы режиммен, сондай-ақ ішкі тәртіп нұсқауларымен және өзге өрт қауіпсіздігі талаптарымен;

2) жұмыс учаскелеріндегі барынша өрт қауіпті жерлермен;

3) өрт туындайтын ықтимал көздермен және себептермен, олардан сақтандыру шараларымен және өртті байқаған кездегі әрекеттермен;

4) жұмыс орнында, қондырғыда, аппаратта, цехта және ұйым аумағында лапылдап жануды болдырмау үшін, жұмысты бастар алдында, процесте және аяқтағаннан кейін, жұмыстан кетер алдында сақталуға тиіс өрт қауіпсіздігі шараларымен;

5) өрт сөндіру құралдарын пайдалану әдістерімен, өрт сөндіру ережелерімен және тәсілдерімен.

1.3 Әрбір ПОҚ, қызметкерлер және жұмыскерлер қабылданған өртке қарсы режимді орындауы, өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалана білуі, өрт кезінде эвакуация жолдары мен тәртіптерін білуі тиіс.

## 2 Нормативті сілтемелер

2.1 Осы нұсқаулықта келесі нормативті құжаттамаларға сәйкес пайдаланылды:

2.1.1 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2.1.2 "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 438 бұйрығы.

## 3 Қысқартулар мен түсініктемелер

СМЖ	Сапа менеджмент жүйесі;
СБӨ	Сапа бойынша басқарма өкілі;
СММЖББ	Сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі;

ҚҚжББ	Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;
ҚБЖ	Құрылымдық бөлімшелер жетекшісі;
ҚР ШҚМУ	Университеттің құжаттамалық рәсімдеуі;
ЖН	Жұмыс нұсқаулығы;
ПОҚ	Профессорлық оқытушылық құрам;
МӨҚ	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет;
ТТС	Тез тұтанатын сұйықтықтар;
ЖС	Жанатын сұйықтықтар;
ЭҚЕ	Электр қондырғыларын орнату ережесі;
АҚ	Азаматтық қорғаныс;
ТЖ	Төтенше жағдайлар.

#### 4 Терминдер мен анықтамалар

4.1 Осы нұсқаулықта нормативті құжаттамаларға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

Қауіпсіз аймақ - адамдар өрттің қауіпті факторлары әсерінен қорғалатын немесе өрттің қауіпті факторлары жоқ аймақ;

Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжат - нормалар, ережелер және өрт қауіпсіздігі саласындағы басқа да талаптарды белгілейтін құжат;

Объекті - өрт қауіпсіздігі белгіленген немесе белгіленуге тиіс заңды немесе жеке тұлғаның мүлік кешені (немесе оның бөлігі) (аумақ, ғимарат, имарат, көлік құралдары, технологиялық қондырғылар, жабдықтар, агрегаттар, бұйымдар және өзге мүлікті қоса алғанда);

Адамдар көп келетін объект – бір мезгілде жүз және одан астам адамның келуіне есептелген сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, діни мекемелердің, көңіл көтеру орындарының, барлық көлік түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары мен үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан астам адамның келуіне есептелген денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары;

Өрт сөндірудің бірінші құралдары - өрттің бастапқы дамуы кезінде өртпен күресу үшін пайдаланылатын адамдар алып жүретін немесе тасымалданатын өрт сөндіру құралдары;

Өрт - адам өмірі мен денсаулығына зиян, қоғам және мемлекет мүддесіне материалдық шығын келтіретін бақыланбайтын жану;

Объектінің өрт қауіпсіздігі - өрттің пайда болуы және дамуының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адам және материалдық құндылықтарға әсерін алдын алу мүмкіндігін сипаттайтын объекті күйі;

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі - өрттің алдын алу және объектіге одан келетін шығынды азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен

техникалық құралдар жиынтығы;

Өртке қарсы тосқауыл - оттөзімділіктің нормаланған шегі және құрастырылымдық өрт қауіптілігінің нормаланған класы бар құрылыс құрастырылымы, ғимараттың көлемді элементі немесе ғимараттың (имараттың) бір бөлігінен екіншісіне немесе ғимараттар (имарат, екепелер) арасында өрттің таралуын болдырмауға арналған басқа тәсіл;

Эвакуация - адамдардың үй-жайдан сыртқа немесе өрттің қауіпті факторларының әсер ету мүмкіндігі бар қауіпсіз аймаққа ұйымдастырылған өздігінен қозғалу, сондай-ақ қозғалу мүмкіндігі шектеулі тұрғындар тобына жататын адамдардың өздігінен емес, қызмет көрсетуші мамандар жүзеге асыратын процесі;

Эвакуациялық шығу - тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа эвакуация жолына алып баратын шығу;

Эвакуациялық жол (эвакуация жолы) - адамдардың өрт кезінде қауіпсіз көшіру талаптарын қанағаттандыратын қауіпсіз аймаққа немесе тікелей сыртқа алып келетін қозғалыс және (немесе) орын ауыстыру жолы;

Электр жабдығы - электрэнергиясын пайдаланып жұмыстың сәйкес түрін орындау үшін арналған электротехникалық бұйымдар және (немесе) электротехникалық құрылғылар жиынтығы.

## **5 Бөлмелерге (ғимараттарға) қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

5.1. Университеттің бөлмелері уақытында жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан тазартылуға тиіс. Барлық қалдықтарды арнайы жәшіктерге немесе контейнерлерге жинап, сосын шығару керек.

5.2. Университеттің аймақтарында ғимараттар, құрылымдар, ашық қоймалар арасы уақытында жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, ағаш жапырақтарынан, құрғақ шөптен және басқа жанғыш материалдардан тазартылуға тиіс.

5.3. Ғимараттарға, құрылымдарға, ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатыларына және өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне апаратын жолдар, өтетін жерлер және кіре берістер өрт сөндіру техникасының өтуі үшін қашан да бос болуға және дұрыс күйінде күтіп ұсталуға, ал қыста қардан және мұздан тазартылуға тиіс.

5.4. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылымдардан 50 м кем болмайтын арақашықтықта іске асырылуға тиіс.

5.5. Барлық нысандарда келісілген нормаға сәйкес дұрысталған бастапқы өрт сөндіру құралдарымен, өртке қарсы қызметті шақыру үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген болуға тиіс.

5.6. Эвакуациялық жолдар саны, олардың мөлшері, жарықтандыру жағдайы құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.7. Есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғы дұрыс күйінде күтіп ұсталуға тиіс.

5.8. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар келісілген норма талаптарына сәйкес келетін мөлшерде дұрысталған бастапқы өрт сөндіру құралдарымен, өртке қарсы қызметті шақыру үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген, автоматты өрт сигналын беретін жүйелермен автоматты өрт сөндіру және адамдарды өрт туралы құлақтандыру қондырғыларымен қамтамасыз етілген болуға тиіс.

Бастапқы өрт сөндіру құралдарын, байланыс құралдарын, сондай-ақ өрт сөндіру автоматикасы жүйелерін орналастыру орындары тиісті өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленген болуы керек.

5.9. Ғимараттар мен құрылымдар найзағайдан қорғайтын құрылғылармен жабдықталуы керек.

5.10. Ғимараттар мен құрылымдардың өртке қарсы қорғау жүйелері мен құралдары (өрт сөндіру және өрт белгісін беру қондырғылары, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару, түтінге қарсы қорғау және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелері, өртке қарсы есіктер, клапандар мен люктер, басқа өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтырғыштар, бастапқы өрт сөндіру құралдары) үнемі дұрысталған жұмыс күйінде болуы керек.

Есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғы дұрыс күйінде күтіп ұсталуға тиіс.

Өртке қарсы немесе түтінге қарсы есіктердің (құрылғылардың) еркін жабылуына кедергі жасайтын қандай да бір айлабұйымды орнатуға тыйым салынады.

5.11. Өрттің туындауына әкеліп соқтыратын бұзылулары болатын жабдықта, қондырғы мен станокта, сондай-ақ сөндірілген бақылау-өлшеу аспаптарында және белгіленген температура режимдерін, қысымды және қауіпсіздік шарттарымен реттелген басқа параметрлерді бақылауды қамтамасыз ететін технологиялық автоматикада жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

5.12. Құрылыс құрастырылымдарының, өңдейтін және жылу оқшаулайтын жанғыш материалдардың, жабдықтың металл тіреулерінің оттан қорғайтын жабындарының (сылақ, арнайы бояулар, лактар, оттан қорғайтын қасиеттерінің кемуін және төмендеуін қоса алғанда, сылама) бұзылуына тыйым салынады.

Нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес өңделген (сіндірілген) ағаш құрастырылымдар мен маталар өңдеудің қолданылу мерзімі аяқталғанда немесе құрамдарының оттан қорғау қасиеттері кеміген жағдайда, қайта өңделуге (сіндірілуге) тиіс.

Оттан қорғап өңдеу (сіндіру) жағдайы техникалық құжаттамада көрсетілген мерзімде немесе жылына бір реттен кем болмай тексерілуге тиіс.

5.13. Өртке қарсы қабырғалардың, аражабындар мен қоршау құрастырылымдарының түрлі инженерлік және технологиялық коммуникациялармен қиысатын жерлерінде пайда болатын тесіктер мен саңылаулар құрылыс ерітіндісімен немесе отқа төзімділігінің қажетті шегін

және түтін-газ өткізбеушілігін қамтамасыз ететін басқа жанбайтын материалдармен бітелуге тиіс.

5.14. Белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық-сметалық құжаттамасыз ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық тағайындалымын өзгертуге, күрделі жөндеу жүргізуге, техникалық қайта жабдықтау, қайта жаңарту және қайта жоспарлауға жол берілмейді.

5.15. Ұйымның ғимараттарында, құрылымдары мен құрылыстарында тыйым салынады:

1) жертөлелер мен цокольдық қабаттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, газ толтырылған баллондарды, аэрозольдік буып-түюдегі тауарларды, целлулоидты және басқа жарылыс-өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға;

2) шатырдың астын, техникалық қабаттарды, желдету камераларын және басқа техникалық үй-жайларды өндірістік учаскелерді, шеберханаларды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ өнімді, жабдықты, жиһазды және басқа заттарды сақтау үшін пайдалануға;

3) лифті холлдарында қамбалар, дүңгіршектер, дүкеншіктер орналастыруға;

4) қабаттардағы дәліздерден, холлдардан, көрермен жайынан, тамбурлардан және басқыш шабақтарынан эвакуациялық шығулардың жобада қарастырылған есіктерін, эвакуациялау жолында қауіпті өрт факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа есіктерді алып тастауға;

5) нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайы нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт сөндіру крандарына және басқа өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізу шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигналын беру, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғылары, түтінді кетіру жүйелері, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелері) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуді жүргізуге;

6) балкондар мен лоджияларда есіктерді, люктерді, аралас секцияларға өтетін жерлерді және сыртқы эвакуациялау сатыларына шығуларды жиһазбен, жабдықпен немесе басқа заттармен үйіп тастауға;

7) үй-жайды жинауды және бензин, жермай және басқа тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды қолданып жууды жүргізуге, сондай-ақ қатып қалған құбырларды дәнекерлеу шамымен және ашық от қолданылатын басқа тәсілдермен жылытуды жүргізуге;

8) май болған сүрту материалын жинамай қалдыруға;

9) ғимараттың барлық қабаттарының терезелерінде, жертөлелер терезелеріндегі шұңқыршаларда торлар орнатуға (мекемелердің қоймаларының, кассаларының, үй-жайларын, қару тұратын бөлмелері, құпия бөлімдерін қоспағанда);



10) өрт жағдайында қауіпсіздік аймақтарына жататын балкондарды, лоджиялар мен галереяларды шынылауға;

11) басқыш шабақтары мен дәліздерде қамбалар (қосалқы үй-жайлар) орнатуға, сондай-ақ басқыш жайылмаларының астында және басқыш алаңдарында заттарды, жиһаз және басқа жанғыш материалдарды сақтауға. Бірінші және цокольдық қабаттардағы басқыш жайылмаларында орталық жылытуды басқару тораптарына, су өлшеу және жанбайтын материалдардан жасалған бөлгіштермен қоршалған электрқалқанды тораптарға арналған үй-жайды ғана орналастыруға рұқсат етіледі;

12) ғимараттардың өндірістік және қоймалық үй-жайларында (отқа төзімділігі V деңгейлі ғимараттардан басқа) антресолдар мен бөлгіштер, қызмет көрсететін қосымша бөлмелерді, қамбалар, конторкаларды және басқа жанғыш материалдардан салынған құрамдас үй-жайларды орналастыруға.

5.16. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың шатырындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары дұрыс күйінде күтіп ұсталуға және бес жылда бер реттен кем болмай пайдалану сынауларына түсуге тиіс.

5.17. Бір эвакуациялық шығуы болатын үй-жайларда 50 және одан артық адамның бір мезгілде болуына тыйым салынады.

Отқа төзімділік деңгейі IV және V ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда 50 және одан артық адамның бір мезгілде болуына бірінші қабаттағы үй-жайда ғана рұқсат етіледі.

5.18. Көрермен, түскі тамақ ішетін, көрме, сауда, биржалық, діни және басқа залдарда (үй-жайларда), трибуналарда, сондай-ақ басқа үй-жайлардағы келушілер санының жобалау нормаларымен белгіленген немесе эвакуациялау жолдарының өткізу қабілеттілігіне байланысты есептеліп анықталған саннан асуына тыйым салынады.

Жобалау нормаларында есептеуге арналған деректер болмаған кезде, адамдарды залдардан 2 минуттан артық болмайтын уақытта эвакуациялау, ал есептік ауданы бір келушіге есептегенде  $0,75 \text{ м}^2$  кем болмай қабылдауға тиіс.

5.19. Шатыр асты үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелер есіктері құлыппен жабылуы керек. Аталған үй-жайлардың есіктерінде кілттердің сақталатын орны туралы ақпарат ілінеді.

Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың жертөлелік және цокольдық қабаттарының терезе ойықтарының шұңқыршаларын қоқыстан және басқа заттардан уақытылы тазарту керек. Аталған шұңқыршаларды қорғайтын металл торлар ашылатын болып орындалуы, ал терезелердегі тиектер ішінен кілтсіз ашылуы керек.

5.20. Пайдаланылған сұрту материалдары қақпақпен жабылатын, жанбайтын материалдан жасалған жүксауытқа жиналуы керек. Пайдаланылған сұрту материалдарын жинау кезеңділігі олардың жұмыс орындарында

жинақталып қалуын болдырмауға тиіс. Жұмыс ауысымы аяқталған кезде, аталған жүксауыттар ішіндегісін ғимараттың шетіне апарып тастау қажет.

5.21. Маймен, лактермен, бояулармен және басқа тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс жасайтын тұлғалардың арнайы киімі осы мақсат үшін арнайы алыстатылған жерлерде орнатылған металл шкафтарда ілінген түрінде сақталуға тиіс.

5.22. Биіктігі 1-қабаттан артық сөрелері болатын ғимараттарда әрбір қабат деңгейіндегі сөрелерде орнатылған түтін өткізбейтін жанбайтын диаграммалардың құрастырылымын бұзуға рұқсат етілмейді.

5.23. Ғимараттар мен құрылымдарда көпшілік қатысатын іс-шараларды (демалу кештері, дискотекалар, жаңа жылдық және басқа қойылымдар) өткізуге олардың өрт туындаған кезде, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі:

Тексеріс нәтижелері тексерістер журналында тіркелуге және іс-шаралар өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлға немесе объекті жетекшісі қол қоюға тиіс.

## **6 Электр қондырғылар бойынша өрт қауіпсіздігі талаптары**

6.1. Электр қондырғылары ЭҚЕ немесе басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жөнделуі және пайдалануы тиіс.

6.2. Үй-жайлардағы электрлік қондырғылар мен тұрмыстық электрлік аспаптар жұмыс ауысымы аяқталған кезде тоқсыздандырылуы керек.

Кезекші жарық түсіру, өрт сөндіру және өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт сөндіру және күзет-өрт сигналын бергіштер кернеуде қосылып қалуы керек. Басқа электрлік қондырғылар мен электртехникалық бұйымдарды (оның ішінде тұрғындық үй-жайларда), егер бұл олардың функционалдық қолданысымен шарттасқан және (немесе) пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарымен қарастырылған болса, кернеуде қалдыруға рұқсат етіледі.

6.3. Электрлік қондырғыларды пайдаланған кезде мыналарға:

1) дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында баяндалған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, бұзылулары өрттің туындауына әкелуі мүмкін электр қабылдағыштарын пайдалануға (ұшқын, қысқа тұйықталу, кабельдер мен сымдардың оқшаулауының рұқсат етілгеннен жоғары қызуын, апатқа қарсы және өртке қарсы қорғауды автоматты басқару жүйелерінің істен шығуын тудыратын), сондай-ақ бүлінген немесе қорғаныш қасиеттері мен оқшаулауын жоғалтқан электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

2) бүлінген және бекітілмеген розеткаларды, шаппа қосқыштарды, басқа электрлік қондырғы бұйымдарын пайдалануға;

3) конструкцияда қарастырылған жылу реттегіштер болмаған немесе бұзылған кезде электр қыздырғыш аспаптарды қолдануға;

4) электр шамдары мен шырағандарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шырағанның конструкциясында қарастырылған қалпақтары (шашыратқыштары) және қорғаныш торлары алынып қалған шырағандарды пайдалануға;

5) егер олардың болуы дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында қарастырылған болса, электр үтіктерді, электр плиткаларды, электр шәйнектерді және басқа электрмен қыздырылатын аспаптарды өрттің туындау қаупін болдырмайтын арнайы тұғырықтарсыз (қоректену цокольдері, қыздырғыш дөңгелектер) пайдалануға;

6) электрмен қыздырылатын аспаптарды барлық жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті үй-жайларда қолдануға;

7) стандартты емес (қолдан жасалған) электрмен қыздырылатын аспаптарды қолдануға, калибрленбеген балқыма өндірімелерді және ток күшінің көбеюі мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған басқа аппараттарды пайдалануға;

8) электрлік қалқандар, электр қозғалтқыштар және іске қосу аппаратурасы жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтанатын) заттар мен материалдарды орналастыруға (қоймалауға);

9) жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарда дайындаушы-зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғау деңгейі мен түрінің белгісі болмайтын электр жабдығын қолдануға;

10) электр сымдары мен кабельдердің жалғаулары мен ұштарын оқшаулаусыз қалдыруға жол берілмейді.

## **7 Өрт сөндіру құралдарын қолдану ережесі**

7.1. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін қызмет көрсетуші қызметкерлердің өртті жою қажеттігі жағдайларына сүйеніп бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуға тиіс.

7.2. Бастапқы өрт сөндіру құралдарына қозғалмалы өрт сөндіру құралдары, өрт сөндіру кранының құралдары, ұнтақ тәріздес жәшіктер және өртке қарсы тұратын маталар жатады.

7.3. Өрт сөндіргіштерді қуыстарға орналастыру жағдайларынан басқа қорғалатын бөлмелерден ғимараттың көшіру жолына орналастыруға жол берілмейді.

7.4. Өрт сөндіргіштерді және басқада өртке қарсы құрал-саймандарды шаруашылық, өндірістік мақсатта пайдалануға тиым салынады.

7.5. Өндірістік ғимараттар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарында бастапқы өрт сөндіру құралдарын орналастыру үшін арнайы өрт қалқандары орнатылуы қажет.

7.6. Ішкі өртке қарсы су құбырларының өрт сөндіру шүмектері 1,35 м биіктікте орнатылып, пломбаланатын өрт сөндіру шкафтарында бекітілген жеңдермен және оқпандармен жинақталуы қажет.

7.7. Өрт сөндіруге арналған су құбырының желілері жарамды жағдайда болуы және талап етілген өрт сөндіруге қажетті судың мөлшері бойынша қамтамасыз етілуі қажет. Олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру жылына екі рет (көктемде, күзде) жүргізіледі.

7.8. Өрт сөдіргіштер құралдары алғашқы жалындаған отты өшіруге арналған құрал болып табылады. Өрт сөдіргіштер қозғалмалы және қолға арналған болып бөлінеді. Қолға арналған өрт сөдіргіштер 10 л көлемге дейін заряд сиятындай болады. Қозғалмалы өрт сөдіргіштер үлкен көлемде болып, арнайы арбалармен тасылады.

7.9. Өрт сөдіргіш құралдар төмендегідей болып бөлінеді:

Көбікті. Жанып жатқан сұйықтықтарды (бензин, май, лак және т.б.) сөндіруде қолданылады. Сондай-ақ, аумағы 1 шаршы метрден аспайтын, бірақ, тоқ күшінің әсері жоқ аумақтағы отты сөндіруге пайдалануға болады.

Ұнтақты. Тез жанғыш сұйықтықтарды, пластмасса, бояу, лак, 1000 вольтқа дейінгі тоқ күші бар электрқұрылғыларындағы жалынды ауыздықтай алады.

Көмірқышқылды. Түрлі заттар мен материалдарды, тоқ күшінің әсері бар электр құрылғыларын және түрлі сұйықтықтардағы жалынды сөндіруге арналған. Бұл сөдіргіш құралдар мұрағаттардағы, өнер туындылары сақталған орындардағы өртті сөндіруде таптырмас құралы. Егер, назар салып қарасаңыздар, әр өрт сөдіргіш құралдың бетінде оның қандай орындарға арналғаны туралы ақпарат көрсетіледі.

Өрт сөдіргіш құралды пайдалану тәртібі:

Пломбаны жұлып, мұрындықты суырып алыңыз. Қонышты жану ошағына қарай ұстап, сөндіруді бастаңыз. Сөндіру ошақтан 1,5-2 метр жерде жүру керек.

Өрт сөдіргішті тік күйде ұстау керек. Оны жылу беру құрылғыларынан, күн сәулесінің тік түсуінен, балалар жүретін жерден алыста ұстау керек. Қолданылған өрт сөдіргішті арнайы ұйымға қайта толтыруға жіберу керек. Олардың істен шыққан шықпағанын квартал сайын сырттай тексеру керек. Әрбір өрт сөдіргіште қысым мен жұмыскерлігін көрсетіп отыратын монометр бар. Өртсөдіргішті сыртынан қарап тексеру жүргізген кезде:

- пломбасы болу керек, егер ол болмаса, өртсөдіргіш жарамсыз деп саналады.

-өрт сөдіргіштің корпусында нұсқаулық пен паспорты болу керек.

-өрт сөдіргіш толық қамтылған болу керек (қонышы, клапан мен мұрындық, қысым индикаторы) .

## 8 Қосымша өрт сөндіруге арналған құралдар

8.1. Құм әрқашан құрғақ, сусымалы болуы керек және де 0,5 м3 сиятындай темір жәшіктерде сақталуы қажет. Жылына бір рет араластырып және тастардан тазартылуы тиіс.

8.2. Асбест мата, киіз, кілемше жабдықтары олар өрт немесе төтенше жағдай кезінде ұшқын орындарда орналастырылуы және ошақтары палубаға қарсы оқшаулау қорғау үшін пайдаланылуы тиіс.

8.3. Өрт балталар, шелектер және аршу материалдарды ашу үшін арналған басқа да жабдықтар өрт қалқандарда ілінуі тиіс.

8.4. Қолайлы өрт сөндіру құралы сыртқы сараптама арқылы анықталады. Құралдардың жұмыс бөлігі ұшталған болуы керек, ешқандай жарықтар, иілген таза болуы тиіс.

## 9 Өрт кезіндегі іс-қимылдар тәртібі

9.1. Әрбір азамат өртті немесе оның жану белгілерін (түтінді, күйік иісін, температураның жоғарылауын т.б.) байқаған кезде:

1) өрт туралы бірден **101-ге** телефон арқылы өртке қарсы қызметке хабарлауға (бұл ретте объектінің мекен-жайын, өрт болған орынды, сондай-ақ өзінің аты-жөнін хабарлауы қажет);

2) адамдарды көшіру, өртті сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтау жөнінде шаралар қолдануы тиіс.

9.2. Ұйым басшылары мен лауазымды тұлғалар, белгіленген тәртіппен өрт қауіпсіздігі үшін жауапты болып тағайындалған тұлғалар өрт орнына келгенде:

- өрт туралы өрт сөндіру қызметі органына хабарлап, университет басшылығын, АҚ және ТЖ штабының жетекшісі мен объектінің жауапты кезекшісін хабардар етуі;

- адамдар өміріне қауіп төнген жағдайда шұғыл түрде қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды құтқаруды ұйымдастыруы;

- өртке қарсы қорғаныстың (өрт туралы адамдарды хабардар ету, өрт сөндіру, түтінге қарсы қорғаныс) автоматты жүйесінің іске қосылғандығын тексеруі;

- қажет болған жағдайда электрэнергияны (өртке қарсы қорғаныстың жүйесін қоспағанда) өшіруі, тасымалдаушы қондырғылардың жұмысын, агрегаттарды, аппараттарды тоқтатуы, шикізаттық, газды, бу және су коммуникацияларын жабуы, авариялық және олармен жапсарлас тұрған бөлмелердің желдету жүйесінің жұмыстарын тоқтатуы, ғимараттың түтіндеуі мен өрттің таралуын болдырмауға себепші болатын басқа да шараларды орындауы;

- өрт сөндіру шараларымен байланысты жұмыстардан басқа ғимараттағы барлық жұмыстарды тоқтатуы;

- қауіпті аймақ шегінен өрт сөндіруге қатыспайтын барлық жұмысшыларды алыстатуы;

- өртке қарсы қызметі бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіру жөнінде (объектінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып) жалпы басшылық жүргізуі;

- өрт сөндіруге қатысушы жұмысшылардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды қамтамасыз етуі;

- өрт сөндірумен бірге материалдық құндылықтарды көшіру мен қорғау ұйымдастыруы;

- өртке қарсы қызметі бөлімшелерін күтіп алуды ұйымдастыруы және өрт орнына және өртке қарсы сумен қамтамасыз ету көздеріне өрт сөндіру машиналарының өтуі үшін төте жолды таңдауда көмектесуі тиіс.

9.3. Объектіде болған әр өрт бойынша әкімшілік өрттің пайда болуы мен дамуына себеп болған жағдайлар туралы түсінік беруге және алдын алу шараларын жүзеге асыруы тиіс.

## **10 Эвакуация жолдары**

10.1. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды пайдалану кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы жобалық шешімдерді және нормативтік құжаттар талаптарын сақтау қамтамасыз етілуге тиіс (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығуларға жарық түсіру, саны, өлшемдері және көлемдік-жоспарлау шешімдері бойынша, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша).

10.2. Эвакуация жолдарындағы есіктер еркін және ғимараттан шығатын бағыт бойынша ашылуға тиіс.

10.3. Эвакуациялық шығулар есіктеріндегі тиектер ғимарат (құрылым) ішінде болатын адамдардың тиектерді ішінен кілтсіз ашу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

10.4. Көлемді өздігінен жарқырайтын, автономды және электр желісінен қоректенетін, эвакуациялау жолында пайдаланылатын өрт қауіпсіздігі белгілері (оның ішінде "Эвакуациялық (қосалқы) шығу", "Эвакуациялық шығу есігі" деген жарық нұсқағыштар) үнемі дұрыс және қосылған күйінде болуға тиіс.

Көрермен, көрсету, көрмелік және басқа залдарда жарық нұсқағыштарды адамдардың қатысуымен іс-шаралар өткізген уақытта қосуға рұқсат етіледі.

Эвакуациялық жарық түсіру жұмыстық жарық түсіру электр қорегі тоқтатылған кезде қосылуға тиіс.

10.5. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды пайдаланған кезде:

1) эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлер, дәліздер, тамбурлар, галереялар, лифті холлдары, басқыш алаңдары, басқыш шабақтары, есіктер, эвакуациялық люктер) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықтармен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа

заттармен үйіп тастауға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін шегелеп тастауға;

2) шығу тамбурларында (пәтерлер мен жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) киімге арналған кептіргіштер мен ілгіштер, гардеробты орналастыруға, сондай-ақ керек-жарақтар мен материалдарды сақтауға (оның ішінде уақытша);

3) эвакуациялау жолдарында табалдырықтар (есіктердің ойықтарындағы табалдырықтарды есептемегенде) орнатуға, қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпалар, айналатын есіктер мен турникеттер, сондай-ақ адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа құрылғыларды орнатуға;

4) қабырғалары мен төбелерін өңдеуге, қаптауға және бояуға арналған жанғыш материалдарды, сондай-ақ отқа төзімділік деңгейі V ғимараттарды есептемегенде, эвакуациялау жолындағы сатылар мен басқыш алаңдарын қолдануға;

5) отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа, эвакуациялау жолдарында баспалдақтар мен саты алаңдарының қабырғалары мен төбелерін өңдеу, қаптау және сырлау үшін жанғыш материалдарды қолдануға;

6) басқыш шабақтарының, дәліздердің, холлдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастауға;

7) түтіндемейтін басқыш шабақтарының ауа аймақтарының терезе жапқыштарын шынылауға немесе жабуға;

8) арқауланған шыныны есіктер мен фрамугтарды шынылауда жай шынымен ауыстыруға жол берілмейді.

10.6. Көпшілік адамдар болатын объектілерде электр энергиясы сөніп қалған жағдайда, қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы электрлік қолшамдармен қамтамасыз етілуге тиіс.

Қолшамдар санын басшы объектінің ерекшеліктеріне, кезекші қызметкерлер құрамының болуына, ғимараттағы адамдар санына байланысты анықтайды, бірақ кезекші қызметкерлер құрамының әрбір кезекшісіне біреуден кем болмай.

10.7. Көпшілік адамдар болатын үй-жайлардағы кілемдер, кілем алашалар және басқа еден төсеніштері еденге сенімді бекітілуі керек.

Эвакуациялау жолында жанған кезде жанғыш және уытты өңдеу материалдарды, кілемдерді және үстіңгі бетке жануды тез таратуға қабілетті басқа еден төсеніштерін қолдануға тыйым салынады.

**11 Өрт дабылы мен өрт сөндіру қондырғыларын, түтінге қарсы қорғаныс, адамдарға өрт туралы хабарлауды және көшіруді басқару жүйелерін ұстау**

11.1. Өрт сөндіру және автоматты өрт дабыл қаққышы қондырғыларына, түтінге қарсы қорғаныс жүйелеріне, өрт туралы адамдарды хабарландыру мен көшіруді басқаруға, жоспарлы-алдын алу мен техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары бойынша регламентті жұмыстар дайындаушы-зауыттың техникалық құжаттарын және жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімін есепке ала отырып, құрастырылған жылдық жоспар-кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарын мамандандырылған ұйымның арнайы оқытылған қызмет көрсетуші тұлғасы атқарады.

11.2. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары бойынша жұмыстарды орындау кезінде қондырғыларды (жеке желілерді, хабарлағыштарды) тоқтатуға байланысты кәсіпорын басшысы ғимараттарды, құрылыстарды, бөлмелерді, технологиялық жабдықтарды өрттен қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

11.3. Өрт сөндірудің автоматты қондырғылары жобалау құжаттамасына сәйкес жарамды жағдайда және үнемі дайын болуы тиіс.

Қондырғыны норма мен ережеде көрсетілген жағдайлардан басқа автоматты іске қосудан қолмен қосуға ауыстыруға жол берілмейді.

11.4 Өрт туралы хабарландыру жүйелері барлық ғимаратқа (құрылысқа) немесе таңдамалы түрде оның кейбір бөлімдеріне (қабаттарға, секцияларға) бірдей уақытта көшіру туралы хабарлау дабылын беру жоспарына сәйкес қамтамасыз етілуі қажет.

Хабарлау жүйелерін пайдалану тәртібі оларды пайдалану нұсқауларында көрсетіліп және осы жүйені іске қосу құқығы бар тұлғалар көшіру жоспарында анықталады.

11.5. Өрт сөндіргіштерді орналастыру, қызмет көрсету мен қолдану тәртібі дайындаушы-кәсіпорын нұсқаулығына, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға, сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

1) өрт сөндіргіштерді қуыстарға орналастыру жағдайларынан басқа қорғалатын бөлмелерден ғимараттың көшіру жолына орналастыруға жол берілмейді;

2) өрт сөндіргіштер еден деңгейінен өрт сөндіргіштің сыртына дейін 1,5 м аспайтын биіктікте, ал есіктің ашылуы кезінде оның жанынан 1,2 м қашықтықта орналастырылуы қажет;

3) өрт сөндіргішке арналған шкаф пен тумбаның құрылысы мен сыртқы безендірілуі олардың ішінде өрт сөндіргіштің сақталатындығын бірден анықтауға болатындай болуы қажет;

4) өрт сөндіргіштер олардың қаңқаларындағы нұсқау жазуы көрінетіндей етіп орналастырылады.

## **12 Өрт кезіндегі жұмысшылардың міндеттері мен әрекеттері**



12.1. Өрт кезінде мынадай әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс, оның ішінде:

- 1) жүйелі түрде өртке қарсы қызметке хабарлау;
- 2) технология қондығыларды төтенше жағдайда тоқтату тәртібі;
- 3) электр жабдықтарының және желдеткіштердің өшіру тәртібі;
- 4) өрт сөндіру автоматикасы қондығылары мен өртке қарсы құралдарды қолдану ережесі;
- 5) материалдық құндылықтар мен жанғыш заттарды, адамдарды көшіру жолдары тәртібі;
- 6) кәсіпорынның (бөлімшелердің) барлық бөлмелердің өрт болған кезде жарылғыш қауіпсіздігін тексеру және қорғау тәртібі.

### **13 Басқа да өртке қарсы қауіпсіздік талаптары**

13.1. ПОҚ, қызметкерлер, студенттер и жұмысшылар өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті:

- өрт анықталған жағдайда **101-ге** телефон арқылы мемлекеттік өртке қарсы қызметіне тез арада хабарлауға;

- МӨҚ бөлімшелерінен келген кездеріне дейін өртті сөндіру бойынша жалпы басшылық етуге;

- қажет болған жағдайда электр жүйелерін сөндіріп, желдету жүйе жұмыстарын тоқтату, басқада өрттің өршуін тоқтатуға және ғимарат ішінің түтіндену себептерін болғызбауға қарсы шаралар қолдануға;

- өрт сөндіруге қатысқан жұмысшылардың қауіпсіздік талаптарды сақтауларын қамтамасыз етуге.

13.2. Осы Нұсқаулықта көрсетілмеген басқа да университеттің өрт қауіпсіздігі сұрақтарына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен ұйымдастырлады.

13.3. Осы Нұсқаулықты университеттің барлық ПОҚ, қызметкерлері, студенттері және жұмысшылары міндетті түрде орындауы тиіс.

13.4. Өрт қауіпсіздігі талаптарын орындауға және жағдайына ректордың «Өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» бұйрығына сәйкес жауапты тұлғаларға жауаптылық жүктеледі.

13.5. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған тұлға әкімшілік жазаға тартылады.

### **14 Өзгерістер**

14.1. Нұсқаулыққа өзгерістер мен қосымшалар СБӨ рұқсатымен енгізіледі және оның қолы қойылып, өзгеріс туралы хабарлама түрінде құжатталады. Өзгеріс туралы хабарлау парағы белгіленген үлгіге сәйкес хатталады және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшалар ҚР ШҚМУ 001-

13 талаптарына сәйкес енгізіледі. Сақтауға берілген нұсқаулыққа өзгерістер енгізу туралы хабарламаны әзірлеуші бөлімше шығарады. Нұсқаулыққа өзгерістерді ҚБЖ өзгерістерді және қосымшаларды тіркеу парағына белгілей отырып енгізеді.

14.2. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін СМЖжББ және ҚБЖ жауапты.

14.3. Нұсқаулық тексерулердің мерзімділігін есепке алу парағына міндетте түрде белгілей отырып, ҚБЖ үш жылда кем дегенде бір рет қайта қарайды.

14.4. Нұсқаулыққа өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін мыналар негіз бола алады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен қосымшалар;

- ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

- құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;

- СБӨ рұқсатымен енгізілген өзгерістердің себебі көрсетілген ҚБЖ қызметтік жазбасы.

14.5. Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгертілген кезде нұсқаулық ауыстырылуы керек.

14.6. Ауыстырылған жағдайда нұсқаулықтың күшін жоғалтқан университеттегі барлық даналар алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

14.7. Ескірген нұсқаулықты алу және ауыстыру үшін ҚБЖ және СМЖжМББ жауапты.

14.8. Ескірген нұсқаулықта «Жойылды» деген белгі, жою негіздемесі, күні және «Жойылды» деген белгіні қойған тұлғаның қолы қойылып, мұрағатқа жіберіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмысқа пайдаланылмайды.

## **15 Келісу, сақтау және тарату**

15.1. Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

15.2. Нұсқаулықты ҚБЖ әзірлейді.

Нұсқаулықта мыналар келіседі:

- сапа бойынша басқарма өкілі;

- шаруашылық департаментінің директоры;

- сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі бастығы;

- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы;

- заңгер-кеңесші.

15.3. Нұсқаулықты ректор бекітеді және жойылғанға дейін әрекет етеді.

15.4. Нұсқаулықтың түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады және оның сақталуы үшін құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

15.5. Құрылымдық бөлімшенің барлық жұмысшыларының нұсқаулықтың мазмұнымен жеке танысуы үшін ҚБЖ, кадрлар бөлімінің бастығы және құқықтық қолдау бөлімі жауапты.

15.6. Нұсқаулықты есепке алынған жұмыс даналарын құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі таратады.

15.7. Нұсқаулықтың есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.





